

БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ-МУЗЫКАНТТЫҢ КОНЦЕРТТІК ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН ДАМУДЫҢ МАҢЫЗЫ МЕН ТӘСІЛДЕРІ

Смаилова Л.С. - № 2 БСМ Саз теория бөлімінің мұғалімі, Шымкент, Қазақстан

Смаилова М.С. магистр аға оқытушы

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент,
Қазақстан

Резюме

В данной статье рассматриваются значение и методы развития концертного творчества будущего педагога-музыканта

Summari

This article discusses the significance and methods of developing concert creativity of the future teacher-musician

Бүгінгі күнде білім саласындағы негізгі мақсат жан-жақты дамыған білімді тұлғаны тәрбиелеу. Өзгерістер өнер саласын да қамтып, болашақ ұрпақтың кәсіби біліктілігін арттыруда сан қырлы ұғымды қамтитын музыкалық өнердің орнын ерекшелендіре түсті. Балалар музыка мектебі мен өнер мектептерінде қызмет атқаруға даяр болашақ мамандарды педагог-музыкант ретінде дайындау ісі техникалық және кәсіптік білім беру мекемелерінде кеңінен жүзеге асуда.

Музыка маманын дайындау ісі - қызықты да өте күрделі үрдіс. Бұл істе бір-бірімен жалғасып жатқан екі мәселенің жүзеге асуы өте маңызды: біріншіден, ұстаз өз шәкіртіне өнерге деген көз-қарасын, сүйіспеншілігін, өз білімін, іскерлігін, орындаушылық шеберлігін бере білуі; екіншіден, оқушы бойындағы талантты ашу, жақсы жақтарын көрсету, оқушыны өз кемшіліктерін ұдайы түзете отырып, дамуға жұмылдыруы. Сондықтан, болашақ педагог-музыкантты ұстаздық шеберлікке баулуда тәрбиенің осы екі қырын қатарластыра жүргізуге машықтандыру нәтижелі іс-әрекет болып табылады.

Алғашқы сабаққа ұстаз өте тыңғылықты дайындалып, оқушымен бірінші кездесудің кейінгі жұмыстың жемісті болуы үшін маңызы өте зор екендігін естен шығармауы тиіс. Оқушы психологиясына әсері мол боларлықтай жағдай жасау, оқушыны өнерге ынтықтыра, қызықтыра білу, оқушыны жалықтырып алмай, тиянақты сабақ ұйымдастыру, әр шәкірттің табиғи жаратылысына байланысты жеке бағдарлама құру, дұрыс ойлау жүйесін қалыптастыру оқытушының негізгі міндеті.

Музыкалық білім беруде балалар музыка мектебі мұғалімінің алдына негізгі үш міндет қойылады: Бірінші міндет - әр түрлі музыкалық іс-әрекеттер арқылы оқушының сезімін ояту, екінші – сезім арқылы музыканы

саналы түсінуге баулу, үшіншісі – музыкалық шығарманы өз шамасына қарай орындай білуге үйретуде орындаушылық дағдысы мен шығармашылығын дамыту. Сол себепті де, болашақ педагог-музыканттың колледжде білім алуы барысында жан-жақты дамуы болашақта музыка мектебінде оқып жатқан баланың ішкі дүниесін байыта түсуге, музыка өнерін терең және толық қабылдап қана қоймай, айналадағы дүниеге, өмірге, адамдарға деген көзқарасын өзгертуге септігін тигізеді.

Болашақ педагог-музыкантты кәсіби әрекетке даярлауда оның концерттік шығармашылығын дамытудың маңызы зор. Домбыра аспабында ойнауды үйретудің қай сатысында болмасын көпшілік алдына шығып, өнер көрсетуге талпынбайтын орындаушы жоқ. Кей жағдайда, осы әрекет концерттік орындаушылықтан шабыт алып, музыка саласын болашақ қызметінің басты көзі ретінде таңдап, білімін әрі қарай жалғастыратын, өнер жолына түскен өнерпазды дарлауға септігін де тигізеді.

Балалар музыка мектептерінде, колледжде, музыкалық жоғары оқу орындарында концерттік орындаушылық өнер көрсету бастамасы оқу орнындағы техникалық, академиялық сынақ, емтихандардан басталады. Оқушының білімін тексерудің бұл формаларында оқушы бағдарлама бойынша арнайы берілген міндеттемені орындайды. Мұнда ол шағын болса да концерттік бағдарламаны көрсетеді. Осы баспалдақтан бастап, оқушының орындаған шығармасына есеп беруі, өзін - өзі ұстауы қалыптасады.

Концерт өткізілген жұмыстар бойынша есеп берудің бір формасы. Әр концертке алдын ала арнайы дайындалу, кезекті және басты репетицияларды өткізу концерттік іс-шараның жақсы өтуінің кепілі. Оқушының сахна төрінде бірді, екілі күймен шықса да алғашқы қадамы сәтті басталуы үшін ұстазға оны ыждағатты дайындау міндеті тұрады. Әрбір сахнаға шығу сәтінен ләззат алу – ұмытылмас мереке кезеңдерге айналуы тиіс. Сондықтан оқытушы жас орындаушы бойында толқу болмағанын қадағалуы керек.

Толқудың пайда болуы себептері: орындаушының бойында өзіне сенімсіздіктің болуы, отырысында, қол қойылымында кемшіліктің болуы, шығарманы толық жаттап алып, жаттығу жұмысының аз болуы, сахнаға шыққандағы киген киіміне риза болмауы. Дегенмен, шығармашылық орындаушылығы жақсы дамыған музыкантта сахнаға әр шыққан сайын толқу болады. Әрине, мұның жөні басқа – ол шығармашылық, орындаушының концерттік бағдарламаға беріле білуі орындалатын шығарманы тыңдарманға жеткізу әдісіндегі толқу. Бұл үрдіске енді ғана бет бұрған орындаушыда шығармашылық толқу біртіндеп қалыптасады. Сол себепті болашақ маманды ерте бастан, яғни музыка мектебінде, колледжде оқып жүрген кезінде-ақ

концерттік орындаушылық өнер қағидаларын түсініп, халық алдына өнер көрсетуге шығуға сүйіспеншілік сезімін арттыра түсу керек.

Халық алдына шығып өнер көрсету - бұл өте жауапты да маңызды іс-әрекет. Оқушы сахнаға шығар алдында шығарма авторының, өзінің, ұстазының алдында жауапты екендігін есте ұстауы тиіс. Сонымен бірге, концерт ол үшін – мейрам, өмірінің өте бір шартты кезеңі екендігін түсінуі керек.

Шығарманы басынан аяғына дейін белгілі дәрежеде орындау үшін тұрақты талпыныс керек. Бұл үшін оқушыны жалықпай, ішкі музыкалық жүйесін өсіруге бейімдеу қажет. Концерт алдында концерттік бағдарламаны достарының, ата-анасы мен туыстарының алдында ойнап беруге жаттықтыру да пайдалы. Тіпті қолдағы бар заманауи техниканы қолданып, оқушының орындайтын шығармасын өзі үн таспаға жазып, ұстазбен бірге тыңдап, жетістіктерін саралап отыруға жұмылдыру да пайдалы.

Осылай оқытушы болашақ орындаушыны шығарманың қыр-сырын толық қамтып, концертте өнер көрсетуге баулуы қажет. Сондықтан, колледжде оқу барысында концерттік орындаушылық өнерге баулуда болашақ педагог-музыканттың назарын мына қағидаларға аудару керек: концертке дайындық барысында оқушының шығарма формасын біріктіріп, шығармадағы тұтастықты сезіне орындауға баулу; сахнаға шығар алдында оқушының назарын көптеген ескертулермен еліте бермеу, өйткені көп жағдайда осындай ескертулер сахнада орындау кезінде есіне түсіп, кесірі тиеді; сахнаға шығу алдындағы соңғы ескертулер тек жетіспейтін жердегі ойынға бағыттау. Дегенмен, бұл да жетістік әпермейтінін есте ұстау керек; оқушының бойында өз-өзіне деген сенімділікті тәрбиелеу, концертке толық дайынсың деп ынталандыру арқылы алға жетелеу. Бұл оқушы бойында сенімділік сезімін туындатады.

Қорыта келе айтарымыз, концерт алдында әрбір оқытушы оқушыға жігер беруі керек. Ал толқу болмас үшін ұстаз оқушылардың орындаушылық мүмкіншілігін өсіру мақсатында бұрынғы өтілген шығармамен жұмыс жасатқан жөн. Оқушыларды халық алдында өнер көрсетуге жұмылдыруда музыкалық оқу орнында ғана емес, жалпы білім беретін мектептердегі кештерде, тағы басқа да жиындарда өнер көрсетуге, сайыстарға қатыстырудың маңызы зор.

Әдебиеттер:

1. Момбеков Т. Салтанат., Алматы., 1995. Добролюбов Н. А. Основные законы воспитания. 1859.
2. Тастанов Х. Домбыра сабақ беру методикасы. Алматы., 1996.
3. 4. Домбыра аспабын орындауда оқушының шеберлігін арттыру / Н. Д. Байгазин. —// Молодой ученый. — 2016. — № 5.3 (109.3). — С. 6-8. — URL: <https://moluch.ru/archive/109/26748/>